

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Пионер" ("Ақжелкен") журналыЖАРИЯЛАНДЫ
23.04.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/137463/>

1925 жылдың қаңтар айының 1-ші жұлдызынан бастап қазақ балаларына арналған “Пионер” журналының алғашқы саны шықты. Бұл туралы “Лениншіл жас” газетінің сол жылғы 44-ші нөмірінде: “Аймақтық пионер бюросы мен халық ағарту комиссариатының “Пионер” атты қазақша балалар журналының бірінші номері шықты. Губерния, уездердегі талапкерлер, барлық пионер балалар мезгілімен алдырып қалыңдар” деген хабарландыруы жарияланды.

Журналдың негізгі мақсаты – жастарды, жасөспірімдерді, балаларды отаншылдыққа, адамгершілікке, ең бастысы гуманизмге тәрбиелеу болды. Ол заманда да, бұл заманда да басылым балалар мен жасөспірімдердің жандарына жарақат салмай, психологиясына теріс әсер етпей, адамшылыққа тәрбиелеуді басты нысана етіп алған.

Бұл басылымда қазақтың белгілі ақын қызы Фариза Оңғарсынова еңбек еткен. Бұл кісі кезінде журналдың бас редакторы болып қызмет атқарды. Өмірінің соңғы кездеріне дейін журналмен байланысын үзген жоқ. Редакция алқасының мүшесі болды. Басылымдарда белгілі ақындар Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Қастек Баянбаевтар еңбек етті.

Ақжелкен өз қатарында жасөспірімдердің, балалардың танымын кеңейтуде үлкен рөл атқарды. Мысалы, бұрындары балалар

компьютердің не екенін білмейтін бірақ, бүгінде көпшілігі компьютердің құлағында ойнайды. Оның үстіне Ақжелкен журналы жасөспірімдердің талғамына сай жыл сайын өзгеріп тұрған. Журнал өз оқырмандарымен етене араласып, солардың арман тілектерін, мақсат-мұраттарын, табынатын тұлғаларын, нені ұнатып, нені ұнатпайтынын толық көрсетіп тұрды.

Ауылда да, қалада да балалар доп қуып футбол ойнағанды ұнатады. Демек журнал бетінен француз футболісті З.Зидан туралы мақала оқып, суретін көру олар үшін қызық. «Ақжелкен» журналының ерекшеліктерінің бірі – мақаланы оқу арқылы оның суретіне де зер салу. Осыған сәйкес журнал қазақ эстрадасы және әлемдік эстрада жұлдыздары арқылы жасөспірімдерді өздеріне баурап алды. Себебі бұндай тақырыптағы ақпараттар олар үшін қызық еді. Кейін журналы «АБК», «МузАрт», «Алдавай», «Ұлытау», т.б музыкалық топтар туралы мақалалар мен суреттерді жариялап тұрды. Сол кездегі «Ақжелкен» журналының бас редакторы, талантты жазушы Нұрғали Ораз (Нұрлан Жұмаханұлымен сұхбатында): «Таяуда жастардың өтінішімен Махаббатты қалай сынауға болады деген тақырыпқа пікірлесу, сырласу клубының жұмысын бастадық. Махаббат-мәңгілік тақырып. Ондай әңгімеге қай кезде де қызығушылар көп. Пікірталас клубына ат қоятын тұста едәуір қиналғанымды жасырғым келмейді. Неге екенін білмеймін, ойыма А.Гриннің «Алқызыл желкендер» («Алые паруса») атты хикаяты орала берді. Бұл бір ғажап хикая. Ең бастысы, ертегі секілді сәтті аяқталды. Содан клубымыздың атын «Алқызыл желкен» деп атадық. «Ақ желкеннің» ішінде «Алқызыл желкеннің» болуы бір жағынан қызық та сияқты» -деп өз пікірін білдірген болатын. Сонымен қатар кезінде қаладағы үлкен көпірлердің астында «Менің кумирім Цой» деген жазулар болатын. Демек әр уақыттың жастары өзіне

белгілі бір дәрежеде кумир іздейді. Сол кумирлеріне еліктейді. Ақжелкен журналы осыны ескеріп журнал бетінде “Менің кумирім” деген айдар ашады. Журнал осы айдарды пайдалану арқылы жастар арасындағы оза шапқан, өз саласында жетістікке жеткен азаматтарды таныстырып отырған. Егер осы “Ізінен аңыз ерген”, “Менің кумирім” бойынша жарық көрген дүниелерді жеке кітап ретінде жариялайтын болса, онда кәдімгідей жап-жақсы мазмұнды кітапқа айналатыны сөзсіз.

Жалпы, қазақ журналистикасында балаларға арналған бұл басылымдардың алатын орны ерекше. Өйткені, қай елде, қай ұлтта болсын жас ұрпақ тәрбиесі мен оларға жасалатын қамқорлыққа айрықша көңіл бөлініп, болашақ жақсы азамат қалыптастыру бағытында барлық мүмкіндіктер жасалды. Баланы жастайынан жақсылыққа, батырлыққа, адалдыққа, елін сүйуге тәрбиелеу-ұлтымыздың қанына сінген қасиет. Бұл ретте басылым беттерінде баланың түсінігі мен қабылдау ерекшелігін ескере отырып жазылатын дүниелер олардың қызығушылығын тудырып қана қоймай, ынта-зейінін арттырып, тартымды тілмен және жүректерінен орын алатын тақырыпты дөп тауып жазуымен ерекшеленеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1.Ораз Н. “Ақ желкен” алға қарай жүзеді //Жас Алаш, 28 мамыр.-2002 (№63).-5б.

2.Қорғасбек Жүсіпбек. “Ақ желкен” мен “Ұлан” мерейлі жаста//Ана тілі, 22-28 қазан.-2015(№42).-7б

3.Бекбосын Мәншүк. Балалардың бас басылымдары “Ақ желкен” журналы-тоқсан, ал “Ұлан” газеті-сексен бес жасқа толды//Алматы ақшамы,27 қазан.-2015(№131).-7б

БАҒДАУЛЕТ Арайлым,

Журналистика факультетінің

1 -

курс студенті

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.